

# ФИЗИКА. ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ФИЗИКА. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ PHYSICS. METHODS OF TEACHING PHYSICS

МРНТИ 14.35.09  
УДК 378.016.1: 53(574)

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7901.10>

Г.Б. Әлімбекова<sup>1\*</sup>, М.М. Тұрғанова<sup>1</sup>

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: [alimbek\\_50@mail.ru](mailto:alimbek_50@mail.ru)

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ФИЗИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Аңдатпа*

Мақалада үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беруде студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырылған. Студенттердің зерттеушілік функциясы – оның қабылдаған үздіксіз кәсіби педагогикалық білім, іскерлік пен дағдыларын белгілі бір ғылыми айналымға байланысты қолдана алуы, өзін-өзі дамытудағы зерттеу деңгейіне де қысқаша мағлұмат берілген. Сонымен қатар, студенттердің ғылыми зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру жұмыстары аясындағы үздіксіз кәсіби педагогикалық білім, іскерлік пен дағды болашақ педагогтарды дайындаудың негізі болып табылатындығы және жеке тұлғаның дамуында маңызды орын алатындығы да қарастырылған.

**Түйін сөздер:** үздіксіз кәсіби педагогикалық білім, зерттеушілік мәдениет, студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру.

*Аннотация*

Г.Б. Алимбекова<sup>1</sup>, М.М. Турганова<sup>1</sup>

Казакский национальной педагогический университет им.Абая, г.Алматы, Казакстан

## ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ КУРСА ФИЗИКИ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

В статье рассматриваются возможности развития научно-исследовательской культуры студентов в процессе непрерывного профессионально педагогического образования. Исследовательская культура студентов – это способность постоянно применять профессиональные педагогические знания, умения, навыков для определенных академических кругов, а также дано краткий обзор уровня исследований в области саморазвития. Непрерывное профессиональное педагогическое образование в процессе формирования исследовательской культуры студентов является основой для подготовки будущих учителей и имеет важное значение для развития личности.

**Ключевые слова:** непрерывное профессионально-педагогическое образование, исследовательская культура, формирование исследовательской культуры студентов.

*Abstract*

## FORMATION OF RESEARCH CULTURE OF STUDENTS IN THE TEACHING OF PHYSICS IN HIGHER EDUCATION

Alimbekova G.B.<sup>1</sup>, Turganova M.M.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

In the article the possibilities of development of research culture of students of non-skew professional pedagogical education. The research culture of students is a brief description of his level of qualification for his selfsocialization, his abilities, skills and knowledge. He also demonstrates that education, knowledge, and skills in research culture the basis for the training of future teachers and are important for the development of the individual. Scientific - research culture of students of non-spry professional pedagogical education.

**Keywords:** inexperienced professional pedagogical education, impotent professional-pedagogical formation, research culture, forming of research culture of students.

Еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында ең негізгілердің бірі – жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың әлеуметтік деңгейінің көтерілуіне үлес қосу. Бүгінгі таңда, жас ұрпаққа пәнді ұғындырудың бір жолы – жаңа технология негіздері болып табылады. Сонымен бірге, өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарын пайдалана білуіне назар аудару өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев [1]: *«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, «ұстазға жүктелетін міндет ауыр»* - деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және барлық ақпараттық технологияларды меңгеруін талап етуде. Ол заман талабына сай, білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Қазіргі заман жағдайында жоғары білімді, интеллектуалды, жан-жақты дамыған, еркін ойлайтын, шығармашылық тұрғыда ізденетін, адамгершілігі мол, өз отанын сүйетін жастарды зерттеушілік мәдениеттерін қалыптастыра отырып тәрбиелеу – жалпы білім беру, әсіресе жоғары білім беру орындарындағы басты мәселелердің бірі. Мұның өзі адамзаттың жинақтаған іс-тәжірибесін жастарға жеткізуші педагогтарға қойылатын белгілі бір талап деңгейлерін айқындауды қажет етеді.

Жоғары білімді маман даярлау жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, әртүрлі кәсіби бағдарламаларға негізделген жаңа типтегі оқу орындарының пайда болуы, жоғары оқу орындарына жаңа типтегі құрылымдар мен ақпараттық технологияларды енгізу – жүргізіліп жатқан өзгерістерге тән болашақ мамандарды әлемдік стандартқа сәйкес етіп даярлау үшін жасалынып жатқан алғы шарттар деп ұғынуға болады.

Республиканың үздіксіз көп деңгейлі зертеушілік білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – түлектердің білім сапасының деңгейін халықаралық еңбек нарқына бағдарланған бәсекеге қабілетті маман етіп даярлау. Айқындалған мақсатқа қол жеткізу заман талабына сай, мемлекеттік білім стандартын халықаралық білім стандартына теңестіріп, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған білім беретін білікті мамандармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу бағдарламалық оқулықтармен қамтамасыз ету, кәсіби білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды кезек күттірмейтін ауқымды істер.

Жоғары оқу орнында кәсіби бағытта білім беру жүйесі – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде кәсіби маман өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық зерттеу мәдениетін қалыптастыру жолдары айқындалған. Болашақ мұғалімдерді кәсіби бағытта даярлаудың дәстүрлі даярлаудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, жоғары оқу орнындағы оқытушының рөлі мен атқаратын қызметінде, қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдерінде, студенттің білім алу белсенділігінің түрінде, зерттеушілік мәдениетінде оқытушы мен студенттің әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, кәсіби білім мен біліктілікті ұштастыра дағдыландыру үдерісін ұйымдастыру түрлерінде т.б.

Болашақ мұғалімдерді жоғары оқу орындарында кәсіби бағытта даярлаудың маңыздылығы маманның жеке тұлғасы мен қызметіне деген осы заманғы талаптарымен сипатталады. Мұның өзі жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жалпы және кәсіби зерттеушілік, шығармашылық біліктілікті ұдайы көтеріп отыратындай бағыт-бағдар беру қажеттілігін туғызады.

Ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістік технологияның дамуы, экономиканың өркендеу дәуірінде қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өз бетінше жасампаздықпен ойлай білетін жастардың тұрақты легінің келіп отыруын талап етеді. Сондықтан, оқыту үдерісінің деңгейін арттыру арқылы, ақыл-ойы жетілген, зерттеушілік мәдениеті қалыптасқан, жан-жақты дамыған, жасампаздықпен еңбек етуге қабілетті, өз тағдырларын өздері шеше алатын, өз бетінше білімін толықтыру және өздігінен кәсіби шеберлігін арттыру мүмкіндігі бар азаматтар даярлау білім саласындағы басты мақсат болып табылады.

Дәстүрлі оқыту үдерісінде студенттердің зерттеушілік мәдениеті, бар ынта-жігері мен күші, негізінен оқытудың пәндік мазмұнына аударылады да, ғылыми білімнің игерілуінің теориялық және танымдық жағы назардан тыс қалып қояды, нәтижеде студенттер оны жеткілікті дәрежеде игермейді. Оқыту *білімдік, танымдық және дамытушылық* қызметтер атқарады. *Білімдік қызметте* оқытылатын

пәнге байланысты білім, біліктілік және дағды қалыптасса, *танымдық қызметте* ғылыми таным жолдарын, көздерін, әдістерін игеру жүзеге асырылады. Ал, оқытудың *дамытушылық қызметі* білімді игеру үдерісіндегі студенттердің ақыл-ойы мен зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға байланысты болады.

Қоғамдағы түбегейлі өзгеріс білім беру жүйесін жаңартуда көптеген жаңалықтар енгізді. Жоғары мектептің ғылыммен байланысын нығайту, білім берудің жаңа идеялары мен жаңа ақпараттық технологияларын, білім берудің жаңа мазмұнын ашу, кәсіби бағытта білім берудің өздігінен даму механизмінің қайнар көзі оқытушылардың шығармашылығында екендігі даусыз.

Оқытушының кәсіби қызметі жүйесіндегі қазіргі білім беру технологиясының алатын орны ерекше, себебі әрбір педагог жаңа технологияны меңгеру барысында жақсы бір жетістіктерге жетеді, өзінің кәсіби білім деңгейін кеңейтеді және көтереді.

Қазіргі кезеңде оқу дәрежесі мына өзгерістерді қамтиды [2]:

- адамның танымдық қызметінің белсенділігін игеруге бағытталуы;
- жеке тұлғаның сұранысы және қажеттілігі білім үдерісіне қарай ауысуына;
- оқытудың жеке тұлғаға бағытталып, мүмкіндігін ашуға жол беруі.

Әр жылдың ұсынары бар және қалай болса да заман ағымынан қалмай ілгері жүру – ұлы мұрат. Осы орайда, жастарды зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеуде ақыл-ойдың алыбы Абайдың *«Ғылым іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім»* дегеніндей, тез жетілудің амалын, әдіс-тәсілдерін іздестірген абзал. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа жолдары мен әдіс-тәсілдері, үздіксіз үдерістерді, жаңа жобалардың озық елдерде жасалынып, қолға алынып жатқаны мәлім. Оның нәтижелерін де көптеп кездестіруге болады. Ендеше, болашақ физика пәні мұғалімін даярлауда, оқытуда бізге де ғылыми басқару әбден қажет.

Бұл физика пәнінен білім беру жүйесін жүйелі түрде жаңарту деген сөз. Жүйелі жаңартудың мақсаты – білім берудің жеке тұлға мәртебелілігін нақтылаудың дидактикалық, әдіснамалық механизмдерін негіздеуді қажет етеді.

Осы бағытта еліміздің жалпы физика пәнінен білім беру саласында жүріп жатқан жаңартулардың нәтижелілігі, педагог қауымының ғылыми дүниетанымының кеңдігіне, рухани дүниесінің баюына, кәсіби әрекетінің жаңаша ұйымдастыруына байланысты.

Болашақ физика пәні мұғалімдерінің кәсіби дайындығы жоғары оқу орындарының қабырғасынан басталады. Мұғалімдердің кәсіптік дайындығын жетілдіру мәселесіне белгілі педагогтар: Давыдов В.В., Бабанский Ю.К., Архангельский С.И., Кузмина Н.В., Краевский В.В., Талызина Н.Ф. т.б. өздерінің психология-педагогикалық және әдістемелік еңбектерін арнаған.

Болашақ физика пәні мұғалімнің теориялық және әдіснамалық дайындығы оның кәсіптік жарамдылығының көрсеткіші бола алмайды. Мұғалімнің білімдерді қалай алып, меңгеруге болатынын және оларды қай жерде қалай тиімді пайдалану жолдарын білуінің, қандай дәрежеде өзінше ойлап, дұрыс қорытынды шығара алатындығының маңызы зор. Сондықтан, олар физика пәні білімдерінің құрылымы мен атқаратын қызметін, логикалық ойлаудың заңдары мен ережелерін, ой қорыту тәсілдерін меңгеру арқылы, оның ғылыми заңдылықтары, ғылыми теориялардың дұрыстығына көз жеткізу немесе оны теріске шығару, ғылыми зерттеу әдістерімен қарулануы қажет.

Сонымен қатар, болашақ физика пәні мұғалімдерінің аталған білімдерді өздері меңгерумен бірге оқушыларға қалыптастырудың да теориясы мен әдіс-тәсілдерін білуі тиіс. Бұл жағдай, оқушылардың теориялық-әдіснамалық білімдерін жетілдіру мақсатында, болашақ физика пәні мұғалімін әдейі арнап дайындау арқылы, оқушыларға терең және жүйелі білім қалыптастыруға, олардың жасампаздық белсенділігін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Демек, физика пәнін оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, білімді терең және жан-жақты игерудің жолдары, физика пәнінің ғылыми негіздерін меңгеру мәселелері, шәкірттің ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту сияқты оқытудың ең тиімді түрлерін қарастырғанымыз жөн. Дидактиканың түрлі варианттарын қолдана отырып білімдарлық құрылымды көтеру мүмкіндігін алу, тәжірибелік дәйектеменің жаңа идея мен ақпараттық технологияның ғылыми негізін жасау, жаңа тұжырымдамалар мен идеялар мұғалімнің зерттеушілік кәсіби дайындағын жақсартуды талап етеді.

Білім берудің жаңа жүйесінің басты ерекшеліктеріне мыналар жатады: әртүрлі деңгейдегі білім беру мен кәсіби іс-әрекетін жобалауға қабілетті педагог дайындау. Жаңаша ойлайтын мұғалім міндетті түрде жаңа бағыттағы идеяларды, оған қоса жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру мен сол білімдарлық технологияларды меңгеруге дайын болуы керек.

Болашақ физика пәні мұғалімінің кәсіби дайындығын жоғары дәрежеге жеткізу үшін педагогикалық институттар мен университеттердің студенттеріне ерекше талаптар қойылып, білім беру саласындағы оқу-әдістемелік және педагогикалық жаңа технологияларды меңгеруіне, білім берудің жаңа жүйесінің басты ерекшеліктеріне, кәсіби іс-әрекетін жобалауға зерттеушілік қабілеті жоғары маман дайындауымыз қажет.

Сонымен, маманның кәсіби қалыптасу проблемасы және де қазіргі интенсивті педагогикалық және ақпараттық технологияларды жасауда жоғары білім беруді реформалау көп аспектілі және көпқырлы проблемалар санатына жатады. Жоғары білімді маманды жоғары ғылыми және кәсіби деңгеймен қамтамасыз ету мәселелері ғалым-педагогтарды әрқашан толғандырған, толғандырады да.

Кәсіби даярлау проблемасы негізінен оқытушы мен студенттердің біріккен әрекеттері үдерісінде шешілулері тиіс. Студенттердің курстан курсқа өтулеріндегі жинақталған кәсіби білімдері мен ебдейліктерінің сандық өзгерістері түлектердің болашақ мамандығына – жаңа сапалы зерттеушілік дайындықтарында пайда болады. Әр курстағы оқытуды таным спиралінің орамы ретінде қарастырсақ, онда әр келесі орамда алдыңғы орамнан алынған барлық елеулілер жоғарырақ сатыда қайта құрылып және сабақтастық ретінде ұстанымдар «алынады».

Бірқатар ғалымдар педагогикалық білімнің негізі – мұғалімдерді кәсіби даярлау екендігін айтады. Кәсіби педагог-мұғалім, Е.И.Исаевтың пайымдауынша, әдістемені жақсы меңгеруі, оқушыларды дамытуда оқу құралын мақсаттылықпен пайдалана білуі керек. Күрделі жұмысты шығармашылықпен шешуде оқушылардың техникалық ойлау қабілетін дұрыс ұйымдастырып, оны саналы түрде қабылдай білуге баулу қажет [3].

*Физика пәні мұғалімдерін кәсіби бағытта дайындау дегеніміз* – оларға болашақ кәсіби қызметінің зерттеушілік мәдениетінің қыр-сырын жан-жақты оқыту және тәрбиелеу. Физика пәні мұғалімдерін дайындаудың нәтижесі оның сәйкес кәсіби қызметіне даярлығымен көрінеді. Дайындық ұғымы әлеуметтік, психологиялық, гносеологиялық құраушылардан тұрады. Соңғы құраушыларға: мұғалімнің кәсіби икемділігі, кәсіби қызметінің негізін құрайтын және кәсіби сауатты шешім қабылдай алуын қамтамасыз ететін білім жүйесі, қажетті білік, дағды жиынтығынан тұратын қызметті жүзеге асыру әдістері енеді.

Жоғары оқу орындарында физика пәні мұғалімдерін кәсіби бағытта дайындау негізгі үш: *жалпы мәдени, пәндік (физика) және психологиялық-педагогикалық* бағыттан тұратыны мәлім. Жоғары педагогикалық оқу орындарының үшінші курсынан бастап студенттерді жалпы білім беретін мектептерге кәсіби бағытта дайындау (педагогикалық практика кезінде) жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл дайындық әдетте әдістемелік деп аталады.

Сонымен, *мұғалімнің әдістемелік дайындығы деп* – теориялық негіздерді нақты білім игеруге және жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға физика пәнін оқыту үдерісін жүзеге асыруға, бағытталған арнайы ұйымдастырылған оқытуды айтамыз.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ физика пәні мұғалімдерін әдістемелік дайындау арнайы ұйымдастырылған білім беру құрылымының шеңберінде жүзеге асырылады.

Студенттерге бөлінген уақытта, қол жеткізуге тиісті оқытуды ұйымдастырудағы мақсаттар, бұл құрылымның элементтері болып табылады. Онымен қоса, оған академиялық курстар жүйесі (міндетті және элективті), мектептегі практикумдар мен практикалар, курстық және дипломдық жұмыстар, оқу жоспарында көрсетілген оқыту көлемі мен уақыты енеді. Олардың әрқайсысының өзіндік мазмұны, (бағдарламада көрсетілген: тақырыбы, немесе орындауға тиісті талаптар), онымен қоса жүзеге асыруды ұйымдастыру формалары (дәрістер, практикалық, семинар, зертханалық сабақтар) қарастырылады. Бұл құрылымның және бір элементі студенттердің оқыту мазмұнын меңгеруінің бақылау жүйесі болып табылады. Оның да мазмұндық (сынықтар мен емтихан материалдары, бақылау жұмысының тапсырмалары) және жүзеге асыруды ұйымдастыру жақтары бар.

Болашақ маманды физика пәнінен кәсіби даярлау үдерісінде, физика ғылымдарының теориялы-әдіснамалық аспектісі: философияны, жалпы және теориялық физика мен әдістемелік пәндерді оқытуда жүзеге асады. Соңғысына арнаулы жасалған оқу-әдістемелік міндеттер мен логикалық-құрылымдық сұлбалар жүйелі қолданылады, оларға философиялы-әдіснамалық сипаттағы мәселелер қосылады.

Э.Ф. Зеердің сөзімен айтқанда [4], кәсіби біліктілік – мамандарға, негізгі біліктілік машықтанған мамандарға тән нәрсе. Негізгі кәсіби құзырлылық машықтанған мамандар мен маманды әлеуметтік кәсіпке жұмылдыруды айқындайды және ол дипломды алғаннан кейінгі білімдерді меңгеру үдерісінде игеріледі.

Жоғары оқу орнын бітірушілердің білім деңгейі мен білім беру мазмұнына қойылатын мемлекеттік талаптарды әзірлеумен оқу-әдістемелік бірлестіктері айналысады. Олар бітірушіні кәсіби даярлауға қажетті типтік «*Біліктілік талаптарын*» әзірлейді. Онда нақты мамандық бойынша, әрі мамандануға сай оқытылатын пәндер тізімі мен мазмұны беріледі және уақытын (типтік оқу жоспарын, білім беру бағдарламасының міндетті минимумы, мазмұны) көрсетіледі. Бірақ, бақылаулар мұндай жұмыстың баяу жүргізілетінін көрсетеді.

Жоғары педагогикалық мектептерге білім беру стандартын енгізу мәселесі бойынша орындалған ғалымдардың зерттеулері бізге мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- педагогикалық жоғары оқу орнындарына мемлекеттік білім беру стандартын ендіру нәтижесі үнемі толықтырылып отыруды қажет етеді;

- білім беру стандартында педагогика білімінің мақсаты айқын көрсетілмегендіктен, бітірушіні кәсіби іс-әрекетке даярлау дәрежесінің деңгейін анықтауды талап етеді;

- білім беруде жеке тұлғаның бағдарын ескере отырып білім стандартын қолданудың әдістемесін дайындауды талап етеді;

- стандартты енгізу маман даярлау үдерісінің моделін жасауды талап етеді.

Жоғары оқу орнындарының оқу жоспарларында арнайы және психологиялық-педагогикалық пәндердегі байланысты міндетті түрде айқындап алу қажет. Осы мақсатта көптеген педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орнындарының оқу жоспарларына талдау жасалды. Талдау нәтижесі, *біріншіден*, мұғалімнің психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіруді, *екіншіден*, мұғалім даярлығында басты рөлді пәндер атқаратынын көрсетті.

Сонымен, соңғы жылдардағы білім саласындағы өзгерістер, физика пәнінен кәсіби бағытта білім беруде, педагогика ғылымында жинақталған мол тәжірибені ой елегінен өткізіп, тәжірибеде оны тиімді пайдалануды талап етіп отыр. Олай болса, ғылыми зерттеушілік мәдениет білімсіздіктен білімділікке қарай қозғалыстың диалектикалық үдерісі ретінде болашақ мамандардың үздіксіз кәсіби педагогикалық біліміне, іскерлігіне және дағдысын қалыптастыру жүйесіне негізделеді.

Ендеше, ғылыми зерттеушілік мәдениеттіліктің нәтижесі үздіксіз кәсіби педагогикалық білім болып табылады. Үздіксіз кәсіби педагогикалық білім қарапайым тәжірибенің тарихи дамуында жинақталған ақпараттардың, сілтемелердің, қызмет пен пәндік нұсқаулардың жиынтығы болып табылатын стихиялы, тәжірибелік білімдермен салыстырғанда жүйелілігімен ерекшеленеді [5].

Үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беру – мұғалімнің кәсіби-тұлғалық дамуындағы және өзін-өзі іске асырудағы жетістігінің шарты. Үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беру жүйесі: кәсіби дайындыққа дейінгі дайындық – базалық кәсіби білім – кәсіби тұрғыда жетілдіру – жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім. Үздіксіз кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінің икемділігі мен түрлілігі әрбір білім алушыға белгілі бір деңгейге жеткеннен кейін, оған қажет жағдайда тоқтатып, кейінен басқа бір жоғарғы оқу орнында ұқсас бөлімнің келесі деңгейінде оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді.

Қазақтың көпсалалы ұлт мектебін балабақшадан бастап университетке дейінгі аралықта үздіксіз кәсіби педагогикалық білім берудің барлық басқыш-сатыларын қамтитын, әрі қазақ ұлтының тілін, ділін, мәдениетін, дәстүрлі еңбек тәрбиесін, рухани болмыс-бітімін осы басқыштардың әрқайсысында да әлемдік өркениеттің жетістіктерімен шебер ұштастыра білетін біртұтас үзіліссіз жүйе ретінде қарастырамыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан 2012.

2 Алимбекова Г.Б. Физика пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған оқу құралы. – Алматы, 2019. -252 б.

3 Исаев Е.И. Университетское педагогическое образования: новая парадигма в подготовке педагогов // Тульская школа. 1994. №4. – 11-13 с.

4 Зеер Э.Ф. Личностно ориентированное профессиональное образование // Педагогика, 2002. №3. – 16-21 с.

5 Жолдасбекова С.А., Иманкулова Л.Б. «Кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жолдары». – Шымкент, 2013. – 30-33 б.

*References*

1. *Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyн Kazakstan halkyna Zholdaуy [ President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev's Zholdaуy to the people of Kazakhstan ]. Egemen Kazakstan, 14 zheltoksan 2012. (In Kazakh)*
2. *Alimbekova G.B. (2019) Fizika pani mugalimderinin kasibi dairlygyn zhetildiruge arналган oku kuraly. [A textbook for professional development of physics teachers]. Almaty, 252. (In Kazakh)*
3. *Isaev E.I. (1994) Universitetskoe pedagogicheskoe obrazovaniya: novaja paradigma v podgotovke pedagogov [University teacher education: a new paradigm in teacher training]. Tul'skaja shkola., №4, 11-13. (In Russian)*
4. *Zeer Je.F. (2002) Lichnostno orientirovannoe professional'noe obrazovanie [Personally oriented vocational education ]. Pedagogika, №3, 16-21. (In Russian)*
5. *Zholdasbekova S.A., Imankulova L.B. ( 2013) «Kasibi bilim beru zhuiesinde bolashak mamandardyn gylmizertteushilik dagdylaryn kalyptastyru zholdary» [Ways to develop research skills of future professionals in the system of vocational education ]. Shymkent, 30-33. (In Kazakh)*